

«TRIP OPTIMIZER» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚТЖ-НЫҢ ЖҮК ЛОКОМОТИВТЕРІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРА ТҮСЕДІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫН ЖАҢҒЫРТУ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҒАНА ЕМЕС, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒЫНАН ДА ТИІМДІ БОЛУЫ ТИІС. ОСЫ ӘСЕРЛЕРДІҢ ҮЙЛЕСІМІ ТЕМІР ЖОЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ РЕТІНДЕГІ БІЗДІҢ ҰСТАНЫМЫМЫЗДЫ НЫҒАЙТА ТҮСЕДІ.

Әнуар АХМЕТЖАНОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының стратегия жөніндегі орынбасары



№33 (2850)
25/04/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

АҚТАУ ПОРТЫ: 1 МЛН ТОННА ЖҮК ТИЕЛДІ

Ақтау порты – Каспий теңізіндегі маңызды көлік торабы. Маңғыстау түбегінде орналасқан теңіз айлағы жүк кемелеріне қызмет көрсетуге жылдың төрт мезгілінде де дайын. Айлақтан мұнай және мұнай өнімдері, металл, астық және тағы басқа жүк түрлері пароммен жөнелтіледі. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында Ақтау порты арқылы 1 млн тонна жүк ауыстырылып тиеліп, шетел асқан.

 Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Қазақстан, Иран, Әзірбайжан, Түркіменстан, Ресей және Түркияны байланыстыратын көлік дәліздерінің қиылысында орналасқан порттың географиялық қолайлы орналасуының өзі жүкті ауыстырып тиеу көлемінің ұлғаюына ықпал етіп отыр. Мәселен, ағымдағы жылдың алғашқы үш айында заманауи көп мақсатты терминал арқылы жалпы ауыстырылып тиелген жүк көлемі 994 мың тоннаны құраған, 1 млн деуге болады. Бұл көрсеткіш 2022 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 15% артық болып отыр. Осы ретте, мұнайды ауыстырып тиеу көлемі 43% артып, 743 мың тонна шамасын құраған. Яғни, жүктің басым бөлігін мұнай тиелімі құрап отырғанын көреміз. Биыл металл жүгін ауыстырып тиеу көрсеткішінің өткен жылға қарағанда бес есеге өскені белгілі болып отыр.



Атап өтерлігі, Ақтау портының қазіргі заманға сай инфрақұрылымы жүктің кез келген түрімен қатар контейнерлердің де өңделуіне мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар теңіз сауда портын «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы құрамына енгізуге шешім қабылданып – порт инфрақұрылымын одан әрі дамытуды қамтамасыз етпек. Бұл, қызметтер спектрін кеңейтуден қатар, сапасын арттырып, контейнерлік тасымалдар мен жүк айналымын ұлғайтуға ықпал етеді.

Жалпы еліміздегі теңіз порттарынан одан әрі дамыту үшін бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру межеленген. Атап айтқанда, 2025 жылға қарай Каспий өңірі мен Орталық Азия елдері үшін контейнерлік сервис пен парк қалыптастыруға мүмкіндік беретін контейнерлік хаб құру жоспарланған. Жоба «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасына енгізілген. Бұл жобаны іске асыру контейнерлерді ауыстырып тиеу бойынша олардың көлемін жылына 300 мың ЖФЭ-ге

дейін ұлғайта отырып, қызметтердің толық спектрін көрсетуге мүмкіндік береді. Контейнерлік хабтың жобалық қуатына қол жеткізу үшін № 3 аймақты ұзарту және № 12 аймақты қайта құрылымдау жоспарлануда. Сондай-ақ, Ақтау портының жылына 12,5 миллион тоннаға дейін мұнай құю қуатын қалпына келтіру үшін № 9 және № 10 мұнай құю аймақтарын қайта жаңарту жүзеге асырылмақ.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ДЛЯ СУПЕРСЕРВИСА



Процесс обратной связи с пассажирами оцифровали на столичном вокзале «Нұрлы жол». Выразить мнение о сервисе и получить ответы на возникшие вопросы теперь можно с помощью системы SuperQR.

Пилотный проект SuperQR – казахстанский стартап, который позволит по-новому взаимодействовать с посетителями вокзала, собирать и анализировать все их обращения и быстро на них реагировать.

Он внедрен с целью развития и улучшения сервисных услуг, предоставляемых на вокзальном комплексе «Нұрлы жол».

Напомним, в ноябре 2022 года на вокзале в пилотном режиме появилась возможность оценить каждый объект с помощью сканирования QR-кода: специальные наклейки размещены в справочной, билетных кассах, перроне, центральном зале, санузлах, бутиках и т. д.

SuperQR как дополнительный инструмент связи между работниками вокзала и пассажирами позволяет любому желающему выразить мнение о сервисе, задать вопросы и оценить качество услуг.

Любовь РОББА, Астана

ЕКІЖАҚТЫ БАЙЛАНЫС ШЕҢБЕРІНДЕ



Мәскеуде ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев пен Ресейдің Көлік министрі Виталий Савельевтің төрағалығымен Қазақстан – Ресей ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының көлік саласы бойынша отырысы өтті.

Кіші комиссия отырысында екі елдің көлік саласындағы әріптестігінің негізгі бағыттары, оның ішінде «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің логистикалық әлеуетін іске асыруға қатысты бірлескен жоспарлар қаралды. Екіжақты байланысты кешенді дамыту бойынша бірқатар уағдаластыққа қол жеткізілді. Оның ішінде, көлік жөніндегі кіші комиссияның мәртебесін аталған елдердің көлік саласына жауапты ведомство министрлерінің деңгейіне дейін көтеріп, сонымен қоса екі мемлекеттің Үкіметтері арасында Қазақстан мен Ресей Федерациясының мемлекеттік шекаралары арқылы көлік, көлік инфрақұрылымын және өткізү пункттерін дамыту саласындағы өзара әріптестікті ұйымдастыру туралы келісімнің жобасы қамтылды.

Алқалы жиынның қорытындысы бойынша Қазақстан мен Ресейдің мемлекеттік шекараларындағы автомобиль және теміржол өткізү пункттерінің инфрақұрылымын дамыту жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспарына, Жол карталарына қол қойылды. Жол карталарын іске асыру нәтижесінде екіжақты жүк айналымы мен жолаушылар ағыны ұлғайтылып, еліміздің көлік-логистикалық әлеуетінің одан әрі үдемелі дамуы қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

Ұлан ОРАЗ

Сотрудничество

СЕВЕР – ЮГ: ЕДИНЬИЙ ЛОГИСТИЧЕСКИЙ ОПЕРАТОР

В рамках 27-й Международной выставки транспортно-логистических услуг TransRussia 2023 подписан меморандум между АО «КТЗ Express», АО «РЖД Логистика» и ОАО «Транспортно-логистический центр Туркменистана» о создании совместного предприятия (СП) для развития перевозок. Целью СП станет создание Единого логистического оператора на восточном маршруте Международного транспортного коридора Север – Юг.

 Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Меморандум подписали генеральный директор АО «КТЗ Express» Кайрат Утапов, генеральный директор АО «РЖД Логистика» Дмитрий Мурев и генеральный директор ОАО «Транспортно-логистический центр Туркменистана» Мердан Бяшимов.

Стороны договорились объединить свои компетенции для формирования конкурентоспособных тарифных ставок и «бесшовной» перевозки грузов из Казахстана, России, Туркменистана в Иран, Индию, страны Ближнего Востока и Азиатско-Тихоокеанского региона с участием погранпереходов Аксарайская, Озинки, Болашақ, Инче-Бурун, Серахс и в обратном направлении.

Коридор Север – Юг для Казахстана является одной из главных точек роста в развитии транспортно-экономических связей с Ираном и Индией. Как отмечают казахстанские грузоотправители,



очевидными преимуществами данного сухопутного коридора через территорию Казахстана является высокая скорость доставки грузов и практическая всепогодность перевозок.

В целом в период значительных геополитических изменений, нарушающих глобальные цепочки поставок и транспортные сети, значение и роль Международного транспортного коридора Север – Юг возрастает.

Напомним, проект-соглашение International North-South Transport Corridor (INSTC) Международный транспорт-

ный коридор Север – Юг был инициирован еще в 2000 году Россией, Индией и Ираном для создания более короткого пути по сравнению с морским транспортным маршрутом через Суэцкий канал. Так сокращается время доставки грузов и транспортные расходы. Кроме того, согласно оценкам специалистов, перенаправление контейнерных перевозок с морского транспорта на железнодорожный в рамках коридора Север – Юг позволит снизить выбросы парниковых газов как минимум на 25%.

Согласно оценкам экспертов, маршрут имеет преимущества для всех стран-участниц – направление является кратчайшим маршрутом для товарных перевозок между странами ЕАЭС и Южной Азии, Восточной Африкой и Ближним Востоком. Кроме того, коридор предоставляет логистический выбор из трех маршрутов для доставки контейнеров, зерна, металлов, изделий из дерева и продуктов питания, а также других товаров. Коридор носит мультимодальный характер, позволяя грузам перемещаться по автомобильным, железнодорожным и морским перевозкам, а также на судах смешанного плавания «река-море».

Выгоды данного направления подвигают страны увеличивать инвестиции в транспортную инфраструктуру коридора. Согласно оценкам экспертов Евразийского банка развития (ЕАБР), к 2030 году планируется реализовать более 100 проектов на сумму более 38 миллиардов долларов.

Фото автора

РЕГИОН БЪЕТ РЕКОРДЫ



В Костанайской области почти на 300% увеличилась погрузка в контейнерах по сравнению с прошлым годом.

 Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил заместитель директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Ерден Аманов, с начала года с региона была отправлена 3 971 фитинговая платформа

(200 523 тонны) в 6 698 контейнерах, из которых было сформировано и отправлено 115 организованных маршрутов.

По сравнению с аналогичным периодом прошлого года, погрузка в контейнерах увеличена на 5 341 контейнер (на 293 процента). Так, за три месяца 2022 года



всего было погружено грузов в контейнерах 864 фитинговые платформы (40 391 тонна), 1 357 контейнеров.

Что касается номенклатуры отправляемых в нынешнем году грузов, то и здесь зафиксированы существенные прорывы. С

Костанайского региона отгружены 1 442 фитинговые платформы зерновых культур (72 442 тонны) в 2 392 контейнерах, из них сформировано 49 организованных маршрутов. Также отгружена 2 471 фитинговая платформа продуктов перемола (124 921 тонна) в 4 190 контейнерах, из которых сформировано 65 организованных маршрутов.

Наконец, асбеста по станции Житикара грузоотправителем АО «Костанайские Минераль» было погружено 58 фитинговых платформ (3 160 тонн) в 116 контейнерах, отправленных одним организованным маршрутом.

Фото автора

С СОЗДАНИЕМ В ҚТЖ МНОГОФУНКЦИОНАЛЬНОГО ЦЕНТРА ОБСЛУЖИВАНИЯ ОШИБКИ В БУХГАЛТЕРСКОЙ И НАЛОГОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ УМЕНЬШИЛИСЬ НА 73%, А ПОКАЗАТЕЛЬ НЕДОЧЕТОВ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ВНУТРЕННЕГО АУДИТА СНИЗИЛСЯ НА 85%

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ӨТКЕН ЖЫЛЫ

687

РАЦИОНАЛИЗАТОРЛЫҚ ҰСЫНЫС
ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗІЛДІ.

2022 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕГІ
МЕН 2023 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАРЫ
АРАЛЫҒЫНДА

4 млн тоннадан

АСТАМ БИДАЙ ЭКСПОРТҚА
ЖӨНЕЛТІЛГЕН.

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ҮШ
АЙЫНДА «ЖОЛАУШЫЛАР
ТАСЫМАЛЫ» АҚ ПОЙЫЗДАРЫНДА
БАГАЖ ТАСЫМАЛЫ

27%

ӨСКЕН.

ЖАЗҒЫ КЕСТЕГЕ АУЫСТЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



ЖОЛАУШЫ
ТАСЫМАЛЫ

Жазғы маусымға орай Семей теміржолы бойынша жолаушылар пойызының қозғалыс кестесіне өзгерістер енгізілді. Қайтадан әзірленген кестеде шартараптан ағылатын пойыздардың тораптық станциялардағы аялдау мерзімімен қатар, келу-кету уақыттары да біршама өзгерді.

Соның ішінде Семей станциясы бойынша ерекшелік басым. Атап айтсақ, №21-ші Семей-Қызылорда бағытындағы күнделікті қатынайтын жолаушылар пойызы ендігі аралықта түс әлеті ауа, яғни 13:38-де жола шығатын болды. Сол тәрізді еліміз бойынша жолаушылар тасымалындағы ең ұзын маршрут саналатын, тақ күндері жола шығатын, шығыс пен батысты жалғайтын №37-ші Семей-Маңғыстау пойызының уақыты 15:15-ке ауысты. Бұл өзгерістердің барлығы да сәуір айының 1-ші жұлдызынан бастап толықтай күшіне енді.



Жаңа құрылған кесте Семей шаһарынан жұмыс бабымен сапар шегушілер үшін мейлінше тиімді болып тұр. Оның себебі, жолаушылар пойыздарының басым көпшілігі Алматыға да, Астана мен Ақтау қалаларына да таңертеңгі мезгілде ертемен жетеді екен.

Сонымен қатар, халықаралық бағыттар саналатын, пандемиядан кейін қайта жанданған Новосібір – Бішкек, Новосібір – Алматы, Новосібір – Ташкент пойыздарының қозғалысында да қысқы мезгілмен салыстырғанда шамалы айырмашылықтар бар. Жалпы, өткен жылдан бастап Ресей мен Орта Азияны жалғайтын жолаушылар пойыздарының саны біршама артқан болатын.


– Жолаушылар пойыздарының қатары алдағы уақыттарда әлі де қосыла түсетін болады. Қаламаңы тасымалына жататын Семей-Достық пен Өскемен-Достық бағытындағы жолаушылар пойызы жылдағы дәстүр бойынша туристік маусымның ашылуына орай жазғы мезгілде жола шығарылады деп күтілуде, – дейді бұл орайда пікір білдірген Семей вокзалының басшылығы.

Айта кетерлігі, қазіргі таңда Жаңа-Семей және Семей теміржол бекеттері бойынша жолаушылар нөпірі бұрынғы жылдармен салыстырғанда біршама артып отыр. Бүгінгі таңда Семей вокзалынан тәулігіне екі мыңның үстіндегі жолаушылар шартарапқа жол тартады екен.

Суретті түсірген автор

ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРДЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінде жолдардың сапасын жақсарту жұмыстары жалғасуда. Ақпан-наурыз айларында Бейнеу-Тассай учаскесінің Жарқұм-Сорша-Тұрыш-Ноғайды аралығында жүргізілген жұмыс нәтижесі аймақ жолдарын айтарлықтай сауықтырған.



Таратып айтсақ, 54 шақырым жолда 25 метрлік рельстер орнына жаңадан 800 метрлік түйіспесіз рельстер салынды. Быыл Бейнеу, Үстірт, №7 бекет, Сай-Өтес, Шетпе, Манғыстау, Қарақия, Жетібай станцияларының бас жолдарында жатқан барлығы 24 дана ескі ағаш шпалды бағыттама бұрмасын жаңа темірбетон шпалды бағыттама бұрмасына ауыстыру жоспарланған. Қазірге дейін оның 14 данасы келіп, алтауы қажетті жола салынған. Тағы 8 дана бағыттама бұрма сәуір-мамыр айларында орнатылмақ. Қалған 10 дана бағыттама бұрмасы жыл соңына қарай келеді деп күтілуде.

Түбекте жол күтімін жасап, пойыздар қозғалысын қамтамасыз ету оңай емес. Маңғыстаудың құрғақ климаты салдарынан жиі шанды дауыл тұрып, құм борап, жолдың бетін топырақ басып қалады. Қозғалысқа қауіп төндіріп, жолшыларға артық жұмыс туындатады.

– Бөлімшеге қарасты теміржолдың өткізу қабілетін арттырып, жағдайын жақсарту бағытында жыл сайын қажетті жаңарту, жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Соның нәтижесінде көрсеткіштеріміз де жаман емес. МДК жол өлшегіш вагонның тексеріс қорытындысына сәйкес жол күтімі 43 баллдық бірлікке орындалды. Жоспар 58 балл болатын, яғни орындалуы 126 пайызды құрап отыр, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінде, жол бөлімінің бастығы Марлен Көктеубаев.

Суретті түсірген автор

ЖҮК КӨЛЕМІ НЕГЕ КЕМІДІ?



АЙМАҚ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Аймақтағы негізгі өндіріс ошақтарының қызметі мұнай өндірісімен тікелей байланысты болғандықтан, пойызбен тасымалданатын жүк түрлері де негізінен мұнай өнімдері. Соған сәйкес, кіріс те тасымал көлеміне байланысты болады. Үш айда белгіленген пайдаланым жүк айналымының жоспары 3070 млн тм-нетто болса, орындалғаны 2383,8 млн тм-нетто, яғни 77,6 пайыз. Жүк тиеу 100,8%, вагонның орташа статистикалық салмағы 101,6%, динамикалық салмағы 100,6, пойыздың орташа салмағы 100,7, жүк вагондарының тиелген вагондарға шаққандағы жүрісі 102,6%-ға орындалды.

Өндірістік-техникалық бөлім



басшысы Әзіз Айжарықовтың түсіндіруінше, жоспар бойынша көрсеткіштердің межеден төмен болуының себептері белгілі. Ең алдымен орташа жүк тиеудің және тиелген жүк вагондарының кемуі, транзиттік тасымалдың азаюы себеп. Мәселен, «Теңіз-шевройл», «Батыстрансгрупп», «Тенгизская Транспортная Компания», «Исткомтранс», «ТРС

Холдинг» сынды компаниялар тарапынан пропан, бутан, мазут, кокс, күкірт, ксилит тиеу азайып кеткен, өйткені жүктерді экспортқа тиеуге конвенциялық тыйым салынған. Сонымен қатар, ішкі-сыртқы түйіспелер бойынша вагондар саны, пойыз қабылдау да кеміп кеткен.

Ресей – Украина арасындағы қақтығыста еларалық экономи-

калық қарым-қатынасқа ықпалын тигізді. Соның әсерінен, экономиканың негізгі бөлігін құрайтын өңірдегі мұнай өнімдерін өндіру, оны тасымалдау көлемі, құрылыс материалдары мен халық тұтынатын, басқа да тауарлар тасымалы да қалыпты деңгейді тұрақтай алмағанын айта кеткен жөн. Соның ішінде ресурсауыштыларға қара мұнай өнімдеріне деген жасалған тапсырыс бұрынғыға қарағанда төмен болғанын көреміз. Оған нарықтағы ауқымды дағдарыс, мұнай бағасының тұрақсыздығы, өнімнің болмауы және сатып алушылардың төлем қабілетсіздігі де себеп. Мұндай жағдайда пайдаланым жүк айналымымен қоса, жүк тиеу, жүк вагоны өнімділігі, вагонның орташа тәуліктік жүрісі, вагонның статистикалық салмағы, бір жүк операциясына вагонның тұруы, локомотив жүрісі, пойыздың учаскелік жылдамдығы, пойыздар қозғалысының техникалық жылдамдығы сынды басқа да көрсеткіштер төмендейді.

Еңбек жоспары бойынша айтар болсақ, бөлімше бойынша бір жұмысшының орташа жалақысы 356180 теңге орнына 461784 теңге болып жоспардағыдан 30 пайызға жоғары болған.

Суретті түсірген автор

Сұхбат

ҚАУІПСІЗДІК ТАҚЫРЫБЫ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

– Еліміздегі жиырмаға жуық вагон пайдалану деполары сияқты Астана депосының да басты міндеті – техникалық қызмет көрсету пункттерінде, бақылау қосындарында пойыздарға жүк және жолаушылар вагондарының техникалық ақаусыз жағдайын сақтау, кепілдік тәлімі бойынша транзиттік және елімізде құрастырылған пойыздардағы жолаушы және жүк вагондарындағы техникалық ақауларды анықтау және жою. Сонымен қатар, өрине тасымалданушы жүктердің шашау шықпай, дйетеген жеріне уақытылы әрі дін аман жетуін қамтамасыз етеді. Астана вагон пайдалану депосында осы міндет-қызметтерді атқаратын 6 ТҚКП, 1 ТҚК-дің тірек пункті, 15 қауіпсіздік бақылау қосыны, 1 КПТО, 1 ТОР және 1 ППВ бар. Жалпы қызмет көрсету іінінің ұзындығына келсек, ол 808 км, ал кепілдік іінінің жалпы ұзындығы 1633 км құрайды. Қазір депо бойынша көктемгі комиссиялық байқау жүріп жатыр. Оның шеңберінде жылдағыдай дәстүрлі іс-шаралар атқарылуда. Биылға жоспарланып отырған үлкен бір жұмыс бар: 4 техникалық қызмет көрсету пунктіндегі көмірмен жағылатын қазандықтарды электрлі қазандықтарға алмастырамыз. Сонымен қатар вагондардың ағымдық жөндеуде тұратын уақытын қысқарту, вагондардың жиналып қалуын болдырмау үшін биыл тартымдық күші жоғары шығыр сатып алу жоспарда бар. Бұл өз кезегінде жөнделіп шыққан вагондардың шығарылымын көбейтіп, кірме жолдардағы еңбек жағдайын жақсарттады.

– **Депо қызметкерлерінің басым бөлігін вагон қараушылар құраса кесем. Негізгі күш те соларға түсетін рас. Осы ретте, вагон қараушылардың білім-біліктілігін арттыру жайын сөз етсек...**

– Иә, деподағы қызметкерлер саны 520 адамды құраса, соның 450-ден астамы вагон қараушылар. Әрине, депондың өндірістік көрсеткіші вагон қараушылардың ақауларды уақытылы анықтап, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауына байланысты. Сондықтан вагон қараушыларға кестеге сай техникалық сабақтар тұрақты түрде өтіп, оған жұмысшылардың толық қатысуы бақылауға алынған. Өйткені, бұл сабақтарда басқа вагон деполарындағы жаңалықтар, енгізіліп жатқан рауасыныстар, ақауды анықтау оқиғалары, тағысын тағы көптеген маңызды мағлұматтар беріледі. Бұйрық, нұсқаулықтар таныстырылады. Сондықтан әр сабақ маңызды. Сонымен қатар «Бүйір рамасы» айлығы өткізіліп тұрады. Бұл айлық вагон қараушыларға өздерін кәсіби білікті маман ретінде таныту мүмкіндігі. Себебі, айлық барысында өте қиын жерде орналасқан аса күрделі ақауларды табуға басымдық беріледі. Бәлкім,

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысып отырған Астана вагон пайдалану депосының директоры Бернар Жағышпаров байырғы кәсіпорынның бүтінгі тыныс-тірлігі, жүктелген міндеттер мен жетістіктер жайлы айтып берді.

ол бүйір рамасындағы иненің жасуындай көзге көрінбес ақау болуы мүмкін.

– **Вагон қараушылардың биылғы жетістіктеріне тоқталып өтсеңіз?**

– Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында 21 адам аса күрделі ақауды анықтады. Сондай-ақ, бүйір рамасы айлығы аясында бүйір рамасынан ақау анықталған 10 оқиға тіркелді. Әрине, мұндай күрделі ақауларды тапқан вагон қараушылар еңбегі ескерусіз қалмайды. Олар сыйақымен, «Қозғалыс қауіпсіздігі» және «Адал еңбегі үшін» төсбелгілерімен, бірнеше мәрте ақау тауып, қозғалыс қауіпсіздігіне айрықша үлес қосқандар «Құрметті теміржолшы» белгісімен де марапатталып жатады. Одан бөлек біз депо

сыйақысы төленетін рационализаторлық ұсыныстарды енгізу жоспарын орындауға да депо қызметкерлері белсенділік танытып отыр.

– **Депода кадр тұрақтылығы қалай? Жалпы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы қалай қорғалған?**

– Бұрын жастар көп тұрақтамайтын. Қазір кадр тұрақсыздығы төмендеді. Бұл жағдай жұмысшылардың жалақысының өсуімен тікелей байланысты. Жыл басында желілік теміржол мекемелерінің еңбеккерлері сияқты депо қызметкерлерінің де еңбек ақысы 5%-ке, ал наурыз айынан бастап 15%-ке, яғни барлығы 20% өсті. Сонымен қатар осы жылдың 1-қаңтарынан бастап өндірістік көрсеткіштері үшін өндірістік персонал қызметкерлеріне сыйақы, ал 17 қаңтардан бастап техникалық сабақтарға қатысқаны үшін өндірістік персонал қызметкерлеріне 0,5 АЕК мөлшерінде үстеме төлене бастады.

– **Дегенмен, қызметі өндіріспен тікелей байланысты еңбеккерлер техникалық сабақтарға қатысуға міндетті емес пе...**

– Әрине, міндетті. Десе де, біздің жұмыстың өзіндік ерекшелігі бар екенін, яғни ауысыммен күн-түн жұмыс істеп, 48 сағат демалатынын ескерсек, онда кей уақытта техникалық сабақтар вагон қараушылардың демалыс күндерімен түспа-түс келіп жатады. Міне, осы заңды демалыстарында олардың



ішінде жұмысшыларға мотивация беретін «Үздік вагон қараушы» немесе «Мамандығы бойынша үздік» байқауын өткізіп тұрамыз. Ол байқаулар әдетте үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде мамандардың теориялық білімі тексерілсе, екінші кезеңде практикалық тапсырма беріледі, яғни белгілі бір уақыт ішінде, автотіркемені шашып, қайта құрастыру керек. Үшінші кезеңде, вагондағы ақаулық, істен шығып тұрған жерін табу қажет. Әр кезең бойынша балл қойылып, үш кезең нәтижесінде жоғары ұпай жинаған байқауға қатысушы жеңімпаз деп танылады. Мәселен, өткен жылы ТҚКП жүп паркінің вагон қараушы-жөндеушісі Г.Б.Мұхамеджанов бірінші орынды, ТҚКП тақ паркінің вагон қараушы-жөндеушілері А.Кемелов пен Ж.Төребай екінші және үшінші орындарды өзара бөліссе, «Теориялық білім бойынша үздік» аталымы Қырқыншы станциясының ТҚКП вагон қараушы-жөндеушісі Ж.Сахариевке, «Автотіркемені бөлшектеп және жинау бойынша үздік» аталымы Атбасар станциясындағы ТҚК тірек пунктінің вагон қараушысы С.Жұмабайға берілді. Атап өтерлігі, бұл байқауға қатысуға тілек білдірушілер қатары жылдан жылға көбейіп келеді. Бұл да мотивация, өзін-өзі шындау мүмкіндігі. Сондай-ақ, авторлық

техникалық сабаққа қатысуы үшін қосымша ақы төлеу де мотивация болып отыр. Сонымен қатар тәжірибелі теміржолшыларға жаңадан жұмысқа тұрған алғашқы қыстаушыларға тәлімгер болғаны үшін де үстемеақы төлеу қарастырылған.Осындай ынталандыру шаралары кадрлардың тұрақтылығын сақтауға ықпал етіп отыр.

– **Еңбек қорғау және қауіпсіздік жағдайы, өндірістегі жазатайым оқиғалар жайында не айтасыз?**

– Әрине, еңбек қауіпсіздігі қашан да басты орында. Жұмысшыларға жайлы жұмыс орындары қамтамасыз етілген. Қыста жылы, жазда салқын киініп-пешініп, тамақтанатын орындар жасақталып, керек-жарактың бәрімен қамтамасыз етілген. Кәсіподақ ұйымы да еңбек қорғау мен қауіпсіздік шараларының орындалуын жіті қадағалауға алған. Өткен жылы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Ақмола жүк тасымалы бөлімшесі филиалдары арасында біздің Астана вагон пайдалану депосына Еңбек қорғау және қауіпсіздік саласы бойынша 2 класты Сенім сертификатты табыс етілді. Бұл да біздің жетістігіміздің бірі деп білемін. Қысқасы, біз үшін қауіпсіздік тақырыбы ешқашан күн тәртібінен түспейді.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК

В СТРЕМЛЕНИИ К МАКСИМАЛЬНОЙ ПРОЗРАЧНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ



АКТУАЛЬНО

Любовь РОВБА,
Астана

Мероприятие прошло в соответствии с законодательством в здании центрального аппарата компании.

В слушаниях приняли участие представители Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК, объединений юридических лиц, промышленных

ассоциаций, частные перевозчики и другие потребители услуг.

– Компания проводит открытую политику в отношениях с потребителями услуг для повышения эффективности своей деятельности, – отметил председатель слушаний, управляющий директор по финансам АО «НК «КТЖ» Даир Кушерев.

В свою очередь исполнительный директор по экономике Дирекции

магистральной сети Ерлан Кизатов в докладе представил показатели работы компании в сфере оказания регулируемых услуг магистральной железнодорожной сети, а также по предоставлению подъездных путей и передаче электрической энергии, рассказал о выполнении объемов и качестве предоставленных услуг, реализации инвестиционной программы, достижении основных

финансово-экономических показателей и перспективах развития, постатейном исполнении тарифной сметы, а также проводимой работе с потребителями услуг.

– Грузооборот в регулируемых услугах магистральной железнодорожной сети (экспорт, импорт, внутреннее сообщение) составил 200 028 миллионов тонно-километров. Пробег пассажирских вагонов составил 742 444 тысячи вагоно-километров, – сообщил Ерлан Кизатов.

Доходы от оказания регулируемых услуг магистральной железнодорожной сети составили 364 миллиарда тенге.

Общий объем инвестиций в 2022 году по регулируемым услугам магистральной железнодорожной сети составил 109 миллиардов тенге. Произведенные компанией инвестиции в 2022 году позволили удовлетворить потребности в грузоперевозках железнодорожным транспортом, обеспечить бесперебойную работу железнодорожного транспорта, повысить на отдельных участках скорости движения и оборачиваемость поездов.

Подробный отчет с обоснованиями размещен на сайте www.railways.kz в разделе «Инфраструктура».

Фото Александра ЖАБЧУКА

ВКО ПОКАЖЕТ ГОТОВНОСТЬ К ЛЕТУ



ОСМОТР

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Еще 17 марта директор Семейского отделения грузовых перевозок Владимир Бабиченко издал приказ о проведении весеннего осмотра, согласно которому создали комиссию. Ее возглавили первые руководители Семейских отделений грузовых перевозок, магистральной сети, а в состав вошли специалисты этих двух филиалов АО «НК «КТЖ», главные региональные ревизоры департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» по Семейскому и Восточно-Казахстанскому участкам, представители АО «Казпрофтранс», Семейской негосударствен-

ной противопожарной службы, вокзального хозяйства, отраслевые ревизоры.

Весенний комиссионный осмотр начался 17 апреля с участка Актогай – Аягоз. 18 апреля он прошел на станции Аягоз, включая локомотивное и вагонное хозяйство. 19 апреля комиссия осматривала участок Аягоз – Жарма, 20 апреля – Жарма – Шар, 21 апреля она посетила станцию Шар, участок Шар – Жана-Семей. 24 апреля ВКО прошел на участках Семей – Локоть, Локоть – Шемонаиха. 25 апреля комиссия осматривает предприятия участка Шемонаиха – Оскемен-1, 26 апреля – Риддер – Оскемен-1, 27 апреля – Алтай – Новоустькаменогорск – Усть-Каменогорск – Оскемен-1. 28 апреля весенний

комиссионный осмотр состоится на станции Оскемен-1, в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо, Оскеменском эксплуатационном вагонном депо.

2 мая, после Дня единства народа Казахстана, комиссия приступит к осмотру участка Дегелем – Семей, 3 мая – станции Семей, включая локомотивное и вагонное хозяйство. 4 мая ВКО завершится на станции Жана-Семей.

По итогам осмотра в трехсуточный срок железнодорожники проведут оперативные совещания с разбором выявленных нарушений, разработают планы мероприятий по устранению выявленных нарушений, примут корректирующие и предупреждающие меры. Итоги осмотра подведут 12 мая.

ОХРАНА ТРУДА ВО ГЛАВЕ УГЛА



ТЕХЗАНЯТИЕ

Светлана МОГАЙ,
Караганда

На повестке дня стояли вопросы, связанные с изучением нормативно-технической документации, а также по организации безопасных методов труда.

Спикером мероприятия выступил мастер производственного обучения и по совместительству председатель профсоюзного комитета Досбол Кишкенебалин. Им были использованы наглядные материалы – плакаты и книги. Информационную поддержку в проведении техзанятия оказала

В Акадырской дистанции сигнализации и связи Карагандинского региона прошло техническое занятие «День специалиста» с участием директора Куантая Мерта, старшего механика Раманкула Саттыбаева, начальника производственного участка Асхата Усенова, работников цеха ремонтно-технологического участка СЦБ.

библиотекарь узла Акадыр Галина Васильева.

Занятие проходило в классе, оборудованном специальным мультимедийным проектором, персональными компьютерами с программным обеспечением для обучения, полигоном с макетами устройств сигнализации, централизации и блокировки (СЦБ), предназначенными для регулирования движения поездов на перегонах и станциях железных дорог, радио, многофункциональным комплексом технических средств для диагностики ходовых частей

железнодорожного подвижного состава.

По словам Досбола Кишкенебалина, на сегодняшний день необходимы работа по обеспечению требований охраны труда, контроль за соблюдением законов и иных нормативных правовых актов об охране труда, Коллективного договора. Не менее важна организация профилактической работы по предупреждению производственного травматизма, профессиональных заболеваний и заболеваний, обусловленных производственными факторами.

– В ходе мероприятия с работ-



никами также была проведена разъяснительная беседа по изучению статей Трудового кодекса, Коллективного договора, плана мероприятий по улучшению состояния санитарно-бытовых условий, привлечению железнодорожников к здоровому образу жизни и участию в общественных культурно-массовых мероприятиях, – подчеркнул Досбол Кишкенебалин.

Фото автора

НАЙТИ РАБОТУ ЧЕРЕЗ QR



СЕРВИС

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана


На платформе зарегистрированы 500 компаний группы АО «Самрук-Қазына» и другие ведущие работодатели Казахстана.

Так, в приложении были доступны свыше 400 открытых вакансий АО «НК «Қазақстан темір жолы» во всех регионах РК. Это административно-управленческие и производственные рабочие места в АО «Пассажирские перевозки», ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», АО «НК «Актауский морской тор-

говый порт», АО «Теміржолсу», Многофункциональном центре обслуживания и других филиалах и дочерних организациях.

Сервис предлагает самые разные вакансии на любой вкус и опыт работы: стюардесса, бухгалтер, энергетик, «айтишник», офис-менеджер, стажер, руководитель компании, слесарь, инженер и т. д.

Зарегистрироваться и создать резюме можно в несколько кликов. При этом ни одна заявка не останется без ответа – прошел соискатель или нет, он обязательно получит уведомление.



Фильтры приложения помогают найти работу в конкретной компании или с определенными функциями. К примеру, выпускник университета может выставить фильтр поиска по критерию «без опыта работы», а опытный профессионал, наоборот, искать управленческую должность.

Разработчики позаботились о том, чтобы персональные

данные клиентов были защищены. К информации о соискателях доступ будут иметь только HR-специалисты, рассматривающие резюме, и будущие непосредственные руководители.

Не менее удобен сервис и для рекрутеров компаний: можно управлять личным кабинетом работодателя, просматривать отклики, назначать этапы рекрутинга, рассматривать откликнувшихся соискателей, проводить тестирование, просто скачав приложение, которое полностью синхронизировано со всеми функциями самого сайта.

Стоит отметить, что на платформе QSamruk.kz вакансии размещают 500 разных компаний, зарегистрированы более 148 000 соискателей, которые оставили свои отклики на вакансии более 300 тысяч раз.

Скачать приложение абсолютно бесплатно можно как в AppStore, так и в Play Market.

СЕЙСМОТРЕНИРОВКА НА ВОКЗАЛЕ

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

УЧЕНИЯ

Пассажиры и посетители вокзала Алматы-2 стали участниками плановой общегородской сейсмотренировки.



Мероприятие организовано ДЧС города Алматы совместно с представителями КТЖ, АЭТ и ЛУП на транспорте станции Алматы-2. При активном содействии начальника вокзала Алматы-2 Бекболат Ақпанова.

Основной целью сейсмотренировки является подготовка населения города к действиям в экстремальных ситуациях, чтобы жители заранее собрали тревожные чемоданчики, определили маршруты эвакуации и безопасные места.

В день сейсмотренировки была задействована городская система оповещения. Тревожный звук сирены – сигнал к действиям. Услышав его, участники учения быстро, главное без паники покинули здание и собрались на открытой площадке в безопасном месте.

Своевременно все пассажиры, посетители вокзала Алматы-2 и аффилированные структурные подразделения были эвакуированы из здания вокзала. А также ученики школы № 147 Жетысуского района эвакуированы согласно плану ДЧС города Алматы. Надо сказать, что железнодорожники и горожане к сейсмотренировке отнеслись со всей серьезностью, ведь правильные и отточенные до механизма действия в будущем могут спасти жизнь.

Стоит отметить, что сейсмотренировки в южной столице проводятся ежеквартально.

Фото автора

ГОРЯЧИЙ СЕЗОН

**Айдана ЕРТАЙ,**
Павлодар

101

Пожарные поезда Павлодарского отделения магистральной сети сегодня полностью готовы к ликвидации пожаров и других аварийных ситуаций. В прошлом году железнодорожники шесть раз участвовали в тушении огненной стихии.



В состав филиала АО «НК «КТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети» входит три пожарных поезда – на станциях Павлодар, Ерейментау и Екибастуз. Личный состав общей численностью 45 человек несет круглосуточные дежурства. В целях повышения профессионального уровня огнеборцы проходят обучение в специализированных организациях, территориальных подразделениях ДЧС МЧС РК на тему «Подготовка и переподготовка специалистов негосударственной противопожарной службы». Кроме того, проводятся практические занятия по повышению уровня тушения пожаров, пожарно-тактические тренировки с участием пожарных формирований узловых железнодорожных организаций и совместные пожарно-тактические учения с подразделениями ДЧС МЧС РК. В целях поддержания в технической готовности подвижного состав пожарных поездов, согласно плану модернизации, проходят деповской и капитальный ремонты. К примеру, в 2022 году отремонтированы четыре единицы подвижного состава пожарных поездов, в том числе проходит закуп необходимого пожарно-технического вооружения, обмундирования, специального оборудования и техники.

В прошлом году пожарные поезда Павлодарского региона приняли участие в ликвидации шести случаев возгорания. 17 апреля пожарный поезд станции Ерейментау ликвидировал степной пожар в районе железнодорожного участка Ерейментау – Екибастуз на 160-162-м километре на расстоянии 50 метров от железной дороги. Благодаря оперативным действиям начальника пожарного поезда Ерейментау Талгата Тлеубаева и личного состава пожар ликвидирован с наименьшим распространением огня и ущербом, не допущены повреждения МВСП, устройств СЦБ и связи, энергоснабжения. 17 июня пожарный поезд станции Екибастуз также был привлечен к ликвидации задымления на платформе с грузом пиломатериала, следовавшего в составе грузового поезда на станции Спутник участка Павлодар – Екибастуз. Благодаря тесному взаимодействию с подразделениями ДЧС пожарные поезда привлекаются к ликвидации огня в лесных массивах, на объектах сторонних организаций и населенных пунктах.

К слову, как ранее сообщал на брифинге областной департамент по ЧС, пожароопасный период в Павлодарском регионе начался на две недели раньше, но погода внесла свои коррективы в виде обильного снегопада и минусовой температуры. Тем не менее огнеборцы перешли на усиленный режим работы. С начала апреля пожарные потушили одно крупное возгорание в пойме Усолки. В черте города уже сгорело 88 гектаров сухой травы.

Фото автора

«Теміржолсу» акционерлік қоғамының басшылығы және ұжымы Дүйсенғалиева Зара Қанатқызына анасы **Дүйсенғалиева Лаура Жакенқызының** қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып отбасына және жақындарына көңіл айтады.

ОБОГНАВШИЙ ВРЕМЯ

В Уральском музее железнодорожников стоит макет уникального скоростного паровоза «Иосиф Сталин», опередившего по техническим характеристикам свое время. Он был спроектирован и прошел обкатку ровно 90 лет назад – в 1933 году.

Индустриализация молодой Советской страны и увеличивающийся товарооборот требовали повышения скоростей на железных дорогах и, соответственно, новых мощностей локомотивов. Паровоз «Су» с его максимальной скоростью в 125 километров в час и мощностью в 1 500 лошадиных сил уже не мог удовлетворять этим требованиям.

В 1931 году на Коломенском паровозостроительном заводе инженеры-конструкторы Сушкин, Лебединский и Сломинский приступили к его созданию, и к концу 1932 года строительство экспериментального образца было завершено. При проектировании этой модели были использованы самые передовые технологии, применявшиеся тогда в паровозостроении. Ее особенностью являлась большая унификация по многим деталям с грузовым паровозом ФД («Феликс Дзержинский»).

При разработке конструкторам Центрального локомотиво-проектного бюро удалось использовать для нового паровоза не только котел и цилиндры от его предшественника, паровоза ФД, но и буксы, оси и ряд других деталей, а также, несмотря на иную осевую формулу, повторить его схему рессорного подвешивания. На момент создания новый магистральный пассажирский паровоз типа 1-4-2 (одно направляющее колесо, четыре ведущих, два поддерживающих колеса) являлся самым мощным в Европе. Средняя мощность составляла 2 500-3 200 лошадиных сил, длина локомотива – 16,4 метра, рабочая масса – до 136 тонн, сцепная масса – до 82 тонн, нагрузка от движущих осей на рельсы – 20,5 тонны, конструкционная скорость – 115 километров в час.



По решению рабочих завода новому паровозу была присвоена серия «ИС-Иосиф Сталин». Весь 1933 год он проходил обкатку. В 1935-м строительство паровоза передали Ворошиловградскому заводу (ныне «Луганский тепловозостроительный завод»). В сентябре 1936 года был спроектирован «ИС» в обтекаемой форме, что дало экономии 200-250 лошадиных сил при скорости в 150 километров в час и существенно снижено сопротивление ветра. В 1937 году был выпущен первый обтекаемый паровоз и начато его серийное производство. Всего было выпущено 649 паровозов обтекаемой формы.

Первые паровозы «ИС-Иосиф Сталин» поступили на линию Москва – Ленинград, где обслуживали дальние пассажирские поезда, в том числе поезд «Красная стрела». По мере

выпуска они заменяли пассажирские паровозы «Су», «С», «Л» и другие, они работали на 21 из 48 железных дорог Советского Союза.

По мере эксплуатации паровоз «ИС» совершенствовался. Осевая нагрузка была снижена с 20,5 до 18 тонн, что дало возможность для их работы на восточных дорогах страны, а усиление производительности котла повысило скорость движения до 170-180 километров в час. Были установлены диски на колесах вместо спиц. Этот паровоз опередил свое время, был гордостью советского паровозостроения, а на Всемирной парижской выставке 1937 года ему единогласно было присвоено Гран-при.

В годы Великой Отечественной войны паровоз «ИС» 20-16 сыграл большую роль. После ее окончания по ряду причин скорости движения железнодорожных составов не превышали 70 километров в час, поэтому с него сняли кожух-обтекатель, что не помешало в апреле 1957 года при буксировке спецсостава установить последний скоростной рекорд на паровозной тяге – 175 километров в час. В 1962 году в период борьбы с культом личности Сталина обозначение серии паровоза сменили на «ФДп». Массовый переход на тепловозную и электровозную тягу все больше ограничивал эксплуатацию паровозов серии «ИС-Иосиф Сталин». Но они верой и правдой служили до 1972-го – года окончания эпохи паровозов.

Макет легендарного паровоза для Уральского музея железнодорожников выполнил первоклассный мастер – плотник Илецкого локомотивного депо Лев Саркисян. Он с большой достоверностью и скрупулезностью воссоздал даже самые мелкие детали паровоза, как отметил хранитель истории музея Михаил Надточий. Этот экспонат пользуется особой популярностью у школьников, особенно у младших классов, а также студентов технических колледжей и вузов, солдат срочной службы и, конечно, работников Уральского эксплуатационного локомотивного депо.

Анна ПАНИЩЕВА, Уральск
Фото автора

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ



Никотиннің орнына – витамин. Осы ұран сөзбен ұлттық компания төрінде басталған акция бүгін Сыр еліндегі теміржолшыларға да келіп жетті.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жүргізілген маңызды шараны «Қазкөліккәсіп» ҚБ филиалы мен аймақтағы мекемелердің кәсіподақ ұйымдары ұйытқы болып өткізді.

Акция Қызылорда қосалқы бөлімі мен магистральдық желі мекемелерінің жұмыс кабинеттерінде өткізілді. Арнайы жәшікке бір тал темекіні сындырып тастап, орнына құтыдағы жемістерден алу шартымен өткізілген акцияны қолдап-қуаттаған теміржолшылар аз болмады.

– Теміржолшылардың жағымсыз әдеттен арылып салауатты өмір салтына ден қоюына септігін тигізсе деген ниетпен бүгінгі акцияны өткіздік. Темекі қолданатын кейбір теміржолшылардың бір тал емес, бір қорап темекіні жәшікке тастап жатқанын көріп бір адамға болса да ой тастай алсақ мақсаттың орындалғаны дедік. Жалпы, көптеген әріптестерімізге акцияның оң әсері болады деп сенеміз, – деді спорт секторы Бақытжан Имбергенов.

Акция ертең Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясында және өзге де мекемелерде жалғасатын болады дейді ұйымдастырушылар.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында теміржолшылар арасында өтіп жатқан «Никотинге – витамин» акциясы Маңғыстау теміржолында да ұйымдастырылды.

Эстафетаны атыраулық әріптестерінен қабылдаған түбек теміржолының Бейнеу станциясындағы теміржолшылар арасында да никотинді витаминге ауыстырғандар болды.

Адам денсаулығы үшін маңызы орасан бұл шараны Бейнеу станциясындағы спорт нұсқаушысы Бегзат Нұралиев ұйымдастырды. Бір топ белсенді жас станция, локомотив айналым депосы мен вагон депосы, электрмен жабдықтау, байланыс және белгі беру дистанцияларының жұмысшыларын аралап жүріп, акцияның мәнін түсіндірді. Темекі тартуға шыққандар мен соған әуестенген жұмысшыларға зиянды

көк түтінді себеттегі алма, апельсин сияқты жемістерге айырбастауға ұсыныс білдіріп, өз өміріне бей-жай қарамауға шақырды. Әрине, темекімен қоштасуға дайын еместер де кездесті. Біреулер бір талын, енді басқасы бір қорабын мыжып тастап никотиннің орнына витаминді таңдады. Бәз-біреулер осы шара сылтау болып, көптен құтыла алмай жүрген зиянды әдетінен арылуға тырысатындарын жеткізді.

Алдағы уақытта акция Маңғыстау станциясында белсенді жастардың ұйымдастыруымен жалғасын таппақ.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Спорт

ОТБАСЫЛЫҚ САЙЫС ӨТТІ

«Әкем, анам және мен». Шалқар станциясы теміржолшылары арасында осындай атаумен спорттық сайыс өтті. Аты айтып тұрғандай отбасымен сайысқа түскен теміржолшылар бәсекесі қызу әрі қызықты өрбіді.

Шараға Шалқар станциясындағы барлық темір жол мекемелерінен белсенді отбасылар қатысты. Сайыс WorldAthletics-тің келесідей ережелері бойынша ұйымдастырылды: жіппен секіру, айқаса секіру, допты лақтыру, найза лақтыру, формула-1 эстафетасы, ілесе секіру, тосқауылмен жүгіру және джампингтен белсенділік сыналды.

Біріне бірі дес бермей, бірін бірі басып озып, артық ұпай жинауға тырысып жанталасқан отбасылар, оларға демеушілік жасап қиқуға басқан жанкүйерлер де бұл күні бір

серпіліп қалғаны анық.

«Кәсіподақ ұйымы тарапынан спорттық шаралар тұрақты өткізіліп тұрады. Сәуір айында спорттың жеңіл атлетика түрінен де отбасылық жарыс өткізген едік. Әрбір спорттық шара – ұжымдық ауызбіршілік пен салауатты өмір салтын қолдауға бағытталған. Теміржолшылар мекемеде ғана емес, отбасыларымен тығыз байланыс орнататын болады», – дейді аймақтық спорт нұсқаушысы Нұргүл Батырхан.

Тартысты өткен сайысқа төрешілік жа-



сағандарға да жеңімпаз жанұяны анықтау оңайға соққан жоқ. Бір-екі ұпаймен алға шыққан Шалқар станциясы бастығының орынбасары Дауылбаевтар жанұясы бас жүлдеге лайық болды.

Екінші жүлделі орынды әскерилендірген теміржол күзеті мекемесінің қызметкері алса, үшінші орын вагондарға техникалық қызмет көрсету пункті қызметкері Ермағамбетовтер отбасына бұйырды.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

Өткен сенбіде «ҰмтылFest» спорттық іс-шарасының соңғы іріктеу сайысы өтті. Іріктеуден өткен командалар финалда кездеседі. «Көңілді старттың» осы жолғы кезеңінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның еншілес ұйымдарынан құралған Дружба, Барыс және Максимум командалары бақ сынасып, кім мықтыны анықтады.



«ҰМТЫЛFEST»: БАРЫС – БАРЫСТЫҒЫН КӨРСЕТТІ

Команда құрамы жеребе арқылы анықталады, яғни бір команда құрамында әртүрлі көлемінің қызметкерлері өнер көрсете береді. Шарт бойынша 10 адамнан тұратын 3 команда эстафеталық ойынның он түрінен жарысады.

Ұйымдастырушылар әр сайыстың алдында ойын тәртібін түсіндіріп отырды. Жарыстың қызығы да сол, қатысушылар қандай ойын түрінен жарысады, алдын ала білмейді, ойынның шарты тек сол жерде түсіндіріледі. Түрлі кедергілерден тұратын эстафеталық ойындар командаларды ширықтыра түскені анық. Бірі шалынып құлап жатса, тағы бірі ептілігін көрсетіп кедергілерді оңай еңсеріп жатты. Алғашқы ойындарда Дружба командасы

жоғары ұпаймен алға шыққан еді, кейін ойын ауаны өзгеріп, Барыс командасы бәрін басып озды. Әрі қарай ойындағы негізгі тартыс осы екі команда арасында өрбіді десек те болады. Шапшаң қимылдап, берілген тапсырманы мұқият орындай білген Барыс командасы жеңіске жетіп, келесі аптада өтетін финалға жолдаманы ұтып алды.

Ұпай санының нәтижесі: Барыс – 89 ұпай; Дружба – 83,9 ұпай; Максимум – 61,2 ұпай жинады.

Айта кетсек, жарыс 4 кезеңнен тұрады. Бірінші кезең филиал қызметкерлері арасында өткен. Екінші кезеңде Орталық аппарат қызметкерлері өнер көрсетті. Осы жолғы үшінші кезеңде еншілес ұйымдар бақ сынасты. Әр кезеңде

топ жарған Барыс, Адреналин және Несокрушимые командалары келесі сенбіде финалда кездеседі. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Ақмарал Байғабылова жарыстың мақсаты – корпоративтік құндылықты арттырып, қызметкерлерді бір-бірімен таныстыра отырып салауатты өмір салтын насихаттау дейді.

«ҰмтылFest» спорттық іс-шарасы бір ай бойы Астанадағы мекемелер қызметкерлері арасында өтті. Осыдан кейін челлендж ретінде өзге аймақтарға жібереміз, ол мамыр айында өтеді», – деді Ақмарал Байғабылова.

Әділет МУСАҚАЙ, Астана
Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ИХ БЫЛО ДЕВЯТЬ...

Впервые в Уральском филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» прошел отборочный тур по тоғыз құмалақ. И хотя участников было немного, игры проходили азартно и определить победителей было несложно.

В соревнованиях приняли участие административно-управленческие работники филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» по Уральскому региону, Уральской дистанции пути (ПЧ-1) и станции Уральск. Организаторами выступили инструктор-организатор ФСК «Локомотив» Бекзат Гилманов, инструктор ФСК «Локомотив» Болат Карлибаев и ветеран спорта Александр Любимкин. В качестве судьи приглашали тренера по тоғыз құмалақ ДЮСШ № 2, кандидата в мастера спорта Бауржана Ахметкалиева. Он и разъяснил участникам правила этой интересной игры.

– Уральские железнодорожники любят шахматы, и турниры всегда проходят массово. Но есть и казахская логическая игра для двух игроков, которая не уступает шахматам. Тоғыз құмалақ, или «девять камешков», – интеллектуальная игра, которая зародилась, по мнению археологов, около 4 000 лет тому назад, и ее можно сравнить

с лучшими образцами мировой культуры. Игра придумана нашими предками, а они наравне с физическим воспитанием придавали большое значение интеллектуальному развитию подрастающего поколения. Надеемся, что это искусство логического мышления найдет своих поклонников среди уральских железнодорожников. Сегодняшний турнир является отборочным для летней спартакиады АО «НК «КТЖ», – отметил Бекзат Гилманов.

По итогу соревнований определились шесть призеров. Среди мужчин первое место занял составитель поездов станции Уральск Нуржигит Булатов, на третьем – его коллега Нурсултан Кожакоев, а серебряным призером стал помощник машиниста путевых машин Уральской дистанции пути Нурдаулет Кайрадин.

Третье место среди женщин заняла инженер-технолог по безопасности станции Уральск Наркыз Амирзакова, на втором – менеджер по персоналу ПЧ-1



Надия Мусенова, первое место по праву досталось менеджеру по персоналу станции Уральск Гульжан Амановичей. Она, кстати, является победительницей и онлайн-турнира КТЖ по шахматам среди женщин, который проходил в январе этого года.

– Мне очень понравилось играть в тоғыз құмалақ. В этой игре нужно уметь не только хорошо считать, но и концентрировать внимание, следить за временем, принимая решения в короткие сроки, просчитывать ходы наперед. Теперь наравне с шахматами в моих фаворитах и тоғыз құмалақ, – поделилась впечатлениями Гульжан Аманова.

Все призеры были награждены памятным призами и грамотами, были и поощрительные подарки. Но главным результатом можно считать желание участников приобрести эту прекрасную настольную игру, чтобы играть дома и на досуге.

Яна ЛЕНИНА, Уральск
Фото автора



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, ауе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шымкент: Сабира Байзақова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.